Ұлттық банк көмектеседі
3 - бет ҚОҒАМ

Сақтық қор активтері 30 млрд доллардан асты
6 - бет ҚАРЖЫ

Алдын алған абзал
8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады //17 МАМЫР 2018 ЖЫЛ

INTERVIEW

CREATIVE PLOT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT

«Activity of the modern world is based on energy resources of the Cambrian Period. And it is already inadmissible for a civilization of 21 century which models have to be based on an innovative paradigm, investments into the natural capital, but not a rent. This ideological preamble was so in detail and convincingly expressed by EXPO-2017 «Future Energy» which has taken place in Astana with the help of the initiative of one of bright politicians of the present, author of a number of constructive and forward looking ideas for the world, the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishevich Nazarbayev. Today by his efforts Kazakhstan becomes the intersection of «green» transit on the Great Silk way, the center of gravity of investments and a technological basis of sustainable development…». This is the opinion of the famous scientist in the field of «green» economy and sustainable development, the Nobel Prize laureate, Professor RAE KWON CHUNG, an exclusive interview with whom we offer readers of Tenge Monitor.

– Mister Chung, let me greet you and ask your opinion on what arethe most pressing long term challenges for our society and people looming behind the day to day short term concerns. Now against the background of strengthening of geopolitical fight for natural resources, on the other hand de-carbonization is gaining momentum around the world. According to the World Bank, in the near future about 80% of the researched fields of hydrocarbons aren't subject to development. Under the Paris Climate Agreement, all countries have to submit low GHG emission development strategy and periodically review their carbon emission reduction targets. Do you think these measures are timely? And whether there are risks for local economies, world trade and Sustainable development goals of the UN-2030.

– Thank you for a suchvery important question. Let me start by why global community had to adopt Paris Climate agreement in 2015 and push for deep de-carbonization measures. According to the IPCC report relased in AR 5 released in 2014 concluded that global surface temperature has warmed on average 0.85 since 1880 until 2012. If current trend continues without serious mitigation of GHG emissions, global mean temperature will be warmer by 3.7 to 4.8°C and sea level will rise by 45 to 82°C by the end of the century.

Such a global mean temperature and sea level rise will have wide ranging impacts on life supporting ecosystem. Without repeating the warnings of many experts, it is simply a matter of our own survival. We have already witnessed many climate disasters around the world.

But the real challenge is still yet to come. IPCC report warned us that continued emission of greenhouse gases will cause further warming and increases the likelihood of severe, pervasive and irreversible impacts for people and ecosystems.

Limiting climate change would require substantial and sustained reductions in greenhouse gas emissions over the next few decades.

In order to limit total human-induced warming to less than 2 relative to the pre-industrial period would require cumulative CO emissions from all anthropogenic sources since 1870 to remain below about 2,900 Giga ton CO. About 1,900 Gt CO had already been emitted by 2011. This means that the remaining carbon budget is about 1,000 Gt CO.

As global CO emission was about 49 GtCO in 2010 with annual growth rate of 2.2%, we have less than 20 years before we run out of our carbon budget which means that in less than 20 years our GHG emission should reach zero. This is a stark reality we have to face.

In order to meet the target of Paris Climate Agreement, CO emission from energy sector should peak by 2020 and reduced by 70% from current level by 2050. 70% global energy has to be clean energy and share of renewable energy has to increase from around 15% in 2015 to 65% in 2050.

By 2050, nearly 95% of electricity should be clean energy. 70 % of new cars to be electric. The entire existing building stock has to be retrofitted. CO intensity of industrial sector has to be 80% lower than current level.

This is why the Paris Climate Agreement had to ask all countries around the world to submit ambitious GHG reduction targets. According to many experts, even with current Paris Climate Agreement, global temperature will rise around 3, way above the target set by the Paris Agreement. This is why countries will have to strengthen their commitment even further to meet the target of stabilization below 2°C.

Kazakhstan has committed to reduce its GHG emission 15 to 25% below 1990 by 2030. But after the first review of commitments in 2023, the target has to be set even higher to meet the target of the Paris Climate Agreement.

Countries with clear long term vision and strong political commitment and leadership will reap the first mover's advantage.

President Nazarbayev has set a clear target of 50% renewable energy by 2050 which is very ambitious and bold. This is a classical example of forward looking long term political leadership to push the vision of green economy.

– But don't you think the pressure to reduce carbon emission will will slow down already weak growth rates of the world economy? If deliveries of production from developing countries to the world markets constantly are restricted due to high carbon footprint, then it will obviously impact negatively on the economy of these countries. How in these conditions realization of Sustainable development goals till 2030 and the reduction of the existing gap in development between the countries is possible?

– Yes, you are right. The pressure to reduce GHG emission will make it even more difficult for many developing countriesto achieve the targets of SDG. It is true that climate change is posing additional burden on many developing countries without money and technology.

Carbon emission reduction target could be a burden in the short run for many developing countries in expanding their economic growth, trade and industrial development and jeopardize their efforts to achieve the sustainable develoment goals.

This is why even before the Sustainable Development Goals were adopted, Green Growth and Green Economy was put forward as a new paradigm to hamonize CO emission reduction with economic growth.

It is getting more and more clear that in the long run green economy fueled by clean and renewable energy can stimulate economic growth and job creation while coping with the risk of climate change.

It was in this context why I have been proposing a new development paradigm called "Green Growth" where GHG emission reduction can become the driver of economic growth and job creation. This new paradigm "Green Growth" was adopted in 2005 by the UN ESCAP. Kazakhstan has been a leader in promoting new green growth paradigm and proposed Green Bridge Partnership Program since 2010.

> [7]

Бет қатталып жатқанда

► Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Hotel Properties Limited» компаниясының негізін қалаушы Онг Бэнг Сэнгпен кездесті. Өңтімелесу барысында тарантар туризм саласындағы ынтымақтастық және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

► Қазақстан сыртқы істер министрі Қайрат Өбдірахманов Астанаға ресми сапармен келген Грузия премьер-министрінің орынбасары – сыртқы істер министрі Михеил Джанелидземен кеңіссөздер жүргізді. Кеңіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан және Грузия сыртқы істер министрлері ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды.

► «ТИБО – 2018» халықаралық телекоммуникациялық көрмесі аясында Қазақстан-Беларусь компаниясы мен Беларусь блокчейн қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

► Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарын анықтады. Еліміздегі үздік ЖОО-ның көпшіг Қазақ ұлттық университеті бастады.

► Ақтөбеде өтіп жатқан «MinTech-АқтобеМұнайХим – 2018» халықаралық көрмесіне биыл алғаш рет Түркия, Ресей, Украинаның жаңа ірі өндіріс орындары қатысты.

► Алматы – Талдықорған тас жолы ақылы болмақ. Бұл туралы Талдықорғанда «ҚазАвтоЖол» АҚ филиалы өткізген қоғамдық талқылауда белгілі болды.

Индекстері		
KASE	2503.5	0.45% ↑
FTSE 100	7723	0.16% ↑
MSCI World	2120	-0.75% ↓
S&P 500	2711.5	-0.68% ↓
Dow Jones	24706.4	-0.78% ↓
Russel 2000	1600	0.00%
Russel 3000	1610	-0.60% ↓

15 Мамыр 2018

Тауарлар		
Мұнай	78.4	0.26% ↑
Мыс	6786	-1.13% ↓
Қорғасын	2345.5	-1.64% ↓
Мырыш	3057.8	1.28% ↑
Никель	14381	-0.53% ↓
Алюминий	2343	0.56% ↑
Уран	21.8	0.93% ↑

15 Мамыр 2018

Валюта нарықтары		
USDKZT	328.3	0.08% ↑
EURKZT	388.62	-0.68% ↓
USDRUB	62.319	0.76% ↑
USDUAH	26.21	0.12% ↑
USDBYR	20155	0.67% ↑
EURUSD	1.1838	-0.75% ↓
GBPUSD	1.3502	-0.40% ↓

15 Мамыр 2018

ИНВЕСТИЦИЯ

Қаржыландырудың барлық көздері жұмыс істегені маңызды

Мамырдың алғашқы аптасында Парламент Сенатында еліміз экономикасының дамуындағы банк секторының рөліне арналған тыңдалым өтті. Оған Сенат депутаттары, Ұлттық банк басшылығы, Ұлттық экономика министрлігі, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының өкілдері, нарық қатысушылары – банктер мен инфрақұрылымдық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

ӘЛИЯ КЕМЕЛБЕКОВА

Жиында қаржы нарығы қатысушыларының ұстанымы жайында «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы төрағасының міндетін атқарушы Юлия Якупбаева баяндай келіп, банк секторының ел экономикасы дамуындағы рөліне тоқталды.

НЕСИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛПЫНА КЕЛУДЕ

Жиын мінберінен сөз алған спикерлер осыдан бірнеше жыл бұрын экономикалық жағдай айтарлықтай нашар болғанын, 2015 жылы валюта бағамының өзгеруі мен өзге де орын алған қолайсыз факторлар әсерінен экономикалық белсенділіктің біршама әлсірегендігін атап өтті.

Осы ретте Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы өкілдерінің айтуынша, бүгінде елімізде несиелеу жүйесі қалпына келуде. Тиімсіз, жұмыс істемейтін несиелермен жұмыс қолға алынды. 2017 жылы берілген несие көлемі 10%-ға артқан. 2015 жылмен салыстырғанда көмек қарыз көлемі 15,2%-ға өсті. Биылғы жылдың қаңтар-ақпан айларында 1,7 трлн теңге көлемінде несие берілген. Негізгі өсім мемлекеттік қолдау көрсетіліп отырған бағыттар – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік салаларына берілген несиелер бойынша байқалады.

– Осы ретте несиелеу деңгейі әлі де төмен екенін айта кеткен жөн. Несие портфелінің жалпы ішкі өнімге қатынасы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең төмен деңгейге түсіп, 2017 жылы 28%-ды құрады, ал 2007 жылы бұл көрсеткіш 69%-ға тең болған. Бұған жалпы экономикалық жағдай, теңгеде ұзақмерзімді қаржы ресурстарының жоқтығы, жоғары мөлшерлемелер әсер етуде, – деді Юлия Якупбаева.

Қазіргі таңда қорландыру базасы әлі қысқа мерзімді екенін ескере отырып, тұтынушылық несиелеу айтарлықтай өскенін көреміз. Компанияның айналым қаражатын толықтыруға несиелер белсенді берілуде. Бұл бағытта екінші деңгейлі банктер, өкіншке қарай, кәсіпкерлерге қажетті қаржыландыруды толықтай қамтамасыз ете алмай отыр. Сонымен қатар, банк тарапынан несие беру үшін қойылатын талаптар банк қызметін реттеуді күшейтуге байланысты арта түскендігі белгілі. Осы орайда бизнесмендер, әсіресе ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер бұл талаптар үдесінен көріне алмай жатады.

> [4]

ТАСЫМАЛ

Кеден мәселелері талқыланды

Жақында «Атамекен» ҚР ҰКП төрағасы Логистика және тасымалдау комитетінің 20-шы отырысы өтті. Отырысқа комитет төрағасының орынбасары Юрий Лавриненко төрағалық етіп, жиынға «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Елдос Рамазанов, комитет мүшелері, салалық қауымдастық өкілдері, бизнес-қоғамдастық және мемлекеттік органдар қатысты. «Астана-1» кедендік ақпараттық жүйесінің жұмыс нәтижелері күн тәртібіндегі басты тақырыпқа айналды.

ЕРНАР ОРМАНОВ

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Кедендік бақылау басқармасының сарапшысы Жарқынбек Дәдікбай жаңа жүйенің бірқатар артықшылықтарына тоқталып өтті. «Осы уақытқа дейін қолданыста болған бағдарламалармен салыстырғанда жаңа формат арқылы декларацияны жасыл дәліз бойынша автоматты түрде тіркеп, автоматты түрде шығаруға мүмкіндік береді.

> [5]

ТҰРАҚТЫ ӨСІМНЕН АУЫТҚЫМАУ ҚАЖЕТ 2

БЕСТӨБЕ СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ? 5

№20 (558)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Өңірлік даму

Мақсаттарға қол жеткізу – маңызды іс

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Жиында өткен жылдың және биылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша облыс әкімі Алтай Көлгіновтің өңірдің даму барысы жөніндегі есебі тыңдалды. Сонымен қатар облыс әкімі Қазақстан Президентінің мемлекеттік және салалық бағдарламаларға қатысты берген тапсырмаларының орындалуы туралы баяндады.

Басқосуда Елбасы өңірде дайын өнім шығару ісінің жолға қойылғанын айтып, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылу барысына оң баға берді.

– Бүгін облыстағы нысандарды аралап көргендегі мақсатымыз – мемлекеттік бағдарламалардың, соның ішінде жақында қабылданған «Бес әлеуметтік бастаманың» іске асырылу барысымен танысу. Оларды жүзеге асыру қоғам өміріне оң әсерін тигізеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу ісінде барлық өңірдің атқарып жатқан жұмыстарының маңызды екенін айтты. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері өсіп келе жатқанына тоқталып, өнір тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атап өтті.

– Азаматтардың әл-ауқаты тұрғын үй құрылысына байланысты болады. Соңғы бес жылда облыста бір жарым миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілгені қуантарлық жәйт. «Бес әлеуметтік бастаманы» іске асыру арқылы біз құрылыс қарқынын арттыратын боламыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, ауыл шаруашылығын дамыту мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мәселелеріне, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың проблемасына тоқталды.

Елбасы облыс басшылығына экономиканың жаңа секторларында заманауи өндіріс орындарын ашу жөніндегі жұмыстарды жандандыруды және өңірдегі кәсіпорындарды одан әрі дамытуды тапсырды.

– Ірі инвесторларды тартуға бағытталған жұмыстарды жалғастырудың да маңызы зор. Мәселен, менің АҚШ-қа сапарымнан кейін американдық ірі бизнесмендер тобы Қазақстанға келіп, келіссөздер жүргізіп жатыр. Біз үшін олардың инвестициясы, технологиялары және нарығы маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа технологияларды пайдалану арқылы облыста «жасыл» экономиканы дамытудың қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы ауыл жастарын жұмыспен қамту проблемасына тоқталып, оларды мемлекет қабылдаған бағдарламаларды жүзеге асыру үдерісіне тартуды тапсырды.

Қазақстан Президенті шағын және орта бизнес секторындағы диспропорцияға назар аударды.

– Орал қаласы мен Бөрлі ауданы шағын және орта бизнеске тиесілі бүкіл өнімнің 90 процентін өндіріп отыр. Қалған 11 аудан 10 процентті қамтиды. Азаматтарға бизнеспен айналысуды үйретіп, кәсіпкерлерді қолдауға арналған қандай мемлекеттік бағдарламалар бар екенін көрсету керек. Бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ экспорт көлемін арттыру үшін өңірдің шекара маңы әлеуетін белсенді пайдалануды тапсырып, облыста көлік инфрақұрылымын дамытудың маңызды екенін атап өтті.

Соңында Елбасы өңірдің даму қарқынын сақтауды және жұмыс сапары барысында берілген тапсырмалардың жүзеге асырылуын бақылауға алып, қамтамасыз етуді міндеттеді.

Ақпараттық кеңістік

Ауылдар интернетпен қамтылады

2021 жылға дейін еліміздің 2 миллионнан астам тұрғыны бар 1249 елді мекені жоғары жылдамдықты интернет желісімен қамтылатын болады. Бұл туралы ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев халыққа есеп беру кездесуінде айтты.

Сала министрі еліміздің елді мекендеріндегі интернет желісінің деңгейі жөнінде айтып берді.

– Қазіргі уақытта жоғары жылдамдықты интернет еліміздің 13 миллионнан астам тұрғынына қолжетімді. 10 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекендерде 3G, ал 50 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекендерде 4G үлгісіндегі байланыс орнатылған. Өткен жылы еліміздегі барлық аудан орталығы 4G үлгісімен қамтамасыз етілді, – деді Д.Абаев.

Министрлік басшысы ведомствоның алдағы уақытта елді мекендер бойынша атқарылатын жұмыс жоспарымен бөлісін, ауылдарда кең жолақты интернет орнату – басым міндет екендігін жеткізді.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

НҰРЖАН ӘБДІМОМЫНОВ

+ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС бас директоры қызметіне тағайындалды

ҒАЛИ ИСҚАЛИЕВ

+ Астана қалалық ортаны регенерациялау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды

МЕДЕУ АХМЕТОВ

+ Қарағанды облысы Абай қаласының әкімі болып тағайындалды

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі жыл басынан бергі әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысы қаралды. Сондай-ақ төртінші деңгейдегі бюджет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін енгізу барысына, өткен және алдағы жылу беру маусымы мәселесіне ден қойылды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Биылғы 4 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму мен республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысына Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму, Энергетика министрліктері, Ұлттық банк тарапынан есеп берілді.

ҰЭМ басшысы Т.Сүлейменов еліміздегі экономикалық белсенділіктің оң қарқынын атап айтты. Жалпы, экономикадағы өсім инфляциялық қысымның төмендеуіне және жоғары инвестициялық белсенділікке негізделген. Мысалы, жыл басынан бері инфляция деңгейі 2,2%-ті құрады, яғни өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ке төмен. Жылдық инфляция 6,5% деңгейінде тіркеліп, оны жаңа дәлізде – 5-7% деңгейінде ұстап тұру қамтамасыз етілуде. Еңбек нарығында тұрақтылық сақталып, жыл басынан бері 134,8 мың адам жұмысқа орналасты. Сонымен қатар нақты еңбекақының өсуі байқалып, ол 1,2%-ті құрады.

Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары О.Смоляковтың айтуынша, қаржы реттеушісінің алтын-валюта сақтық қорлары өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3%-ке немесе $30,6 млрд дейін өсті. Сонымен бірге Ұлттық қордың активтері осы кезеңде 5,6%-ке, $59,3 млрд дейін төмендеді. Ағымдағы жылдың қаңтар-наурызында сыртқы сауда айналымы $21 млрд құрады және 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 24,3%-ке, соның ішінде экспорт – $13,8 млрд, 27%-ке, импорт – $7,2 млрд, 19,4%-ке өскен.

Қаржы министрі Б.Сұлтанов өз баяндамасында трансферттерді есептемегенде, мемлекеттік бюджетін кірістері есептік кезеңде 105,1%-ке, олардың ішінде республикалық кірістер – 100,9%, жергілікті бюджеттер – 117,1%-ке асыра орындалғанын айтты. Республикалық бюджетке 1781,7 млрд теңге кіріс түсті. Бұл жоспардан 16 млрд теңгеге, ал былтырғы жылдың 4 айының көрсеткішінен 173 млрд теңгеге артық. Жоспардың артығымен орындалуы негізінен салықтар бойынша, олардың ішінде үстеме табыс салығы, шикі мұнайға экспорттық кеден баж салығынан қалыптасып отыр. Жергілікті бюджеттердің кірістері 106 млрд теңгеге артығымен орындалып, 728 млрд теңгені құрады. Мемлекеттік бюджет шығыстары 96,6%-ке, республикалық – 96,9%, жергілікті бюджеттер – 98%-ке атқарылды.

Инвестициялар және даму министрі Ж.Қасымбек саланың негізгі көрсеткіштері бойынша нақты көлем индексі орындалғанына тоқталды. Мысалы, қаңтар-сәуір айларында темір рудасының нақты көлем индексі 103,9%, түсті металл кендерін өндіру бойынша – 102,1%, фармацевтикалық өнімдерді өндіру бойынша – 107,7%, металлургияда – 104,1%, құрылыста – 102,1%-ті құрады. Осы жылдың қаңтар-сәуір айларында транспорт бойынша НКИ – 104,6% болды.

Тұрақты өсімнен ауытқымау қажет

2018 жылдың 4 айындағы энергетика саласының негізгі экономикалық көрсеткіштерінің алдын-ала қорытындылары туралы баяндаған сала министрі Қ.Бозымбаев мұнай және конденсат өндіру көлемі 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,9% немесе осы жылдың 4 айының жоспарының 104,5% қуайтынын атап өтті. Қаңтар-сәуірде 24,1 млн тонна мұнай экспортталды, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 104,3%. Мұнай өңдеу көлемі 5,1 млн тонна немесе осы жылдың 4 айының жоспарына қарағанда 104,6% болды. Осындай кезеңмен салыстырғанда, электр энергиясы 8%-ке артса, көмір өндіру көлемі 103,2%-ті құрады.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Премьер-министр Б.Сағынтаев Үкіметтің экономикалық блогының басшыларына экономиканың одан әрі өсуін қамтамасыз ету бойынша тиімді шараларды қабылдауды тапсырды.

Төртінші деңгейдегі бюджет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін енгізу барысы туралы ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов пен қаржы министрі Б.Сұлтанов баяндады.

Қазірде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 98-қадамы аясында аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі мен төртінші деңгейдегі бюджетті енгізуді көздейтін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша заң қабылданған. Ұлттық экономика министрі жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті мемлекеттік бюджеттің төртінші деңгейі ретінде осы жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2 мың адамнан асатын 1062 ауылдық округте енгізілгендігін, ал 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жерде енгізілетінін айтты.

Ал қаржы министрі ауылдық округтердің бюджеттеріне түсетін салықты қамтамасыз ету жайын баяндады. Жалпы алғанда, кірістердің асыра орындалуына төртінші деңгейдегі барлық бюджеттер бойынша қол жеткізілген. Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес, осы жылдың бірінші тоқсанында нақты түсім 27,7 млрд теңгені құрады.

Отырыста энергетика министрі Қ.Бозымбаев жылу беру маусымы – күзгі-қысқы кезеңде электр станцияларында және электр желілерінде өткен кезеңмен салыстырғанда технологиялық бұзылулардың саны 12%-ке төмендегенін айтып өтті.

Үкімет басшысы өткен жылғы көмір тапшылығы мен көмір бағасының қымбаттауы орын алған қолайсыз жағдай қайталанбауы керектігін ескертіп, әкімдерге Энергетика министрлігімен бірлесіп, көмір тапшылығын болдырмау мақсатында жылу беру маусымы басталар уақытқа қарай коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін тиісті отын қорын қамтамасыз етуді тапсырды.

УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ

Жоғарғы суретте:

Қазіргі Астана қаласындағы ONE Astana қонақ үйі

Төменгі суретте:

Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы «Турист» қонақ үйі, 1984 жыл.

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Қарыз қаражатының қайтарылуына бақылауды күшейту керек

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «Атырау» ӘКК директорлар кеңесінің жиналысына қатысып, аймақта жүзеге асып жатқан инвестициялық жобаларға бақылауды күшейтуді тапсырды, деп хабарлайды Атырау облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі.

ЖАНАТ АЗАТОВА

Аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев «Атырау» ӘКК ҰК» АҚ басшылық құрамымен жұмыс мәжілісін өткізді. Кездесу барысында облыс әкіміне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының жұмысы таныстырылып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспары айтылды.

Корпорация құрылған 2010 жылдан бері мекеме кірісі 6,7 млрд теңгеге жеткен. «Атырау» ӘКК ҰК» АҚ басшысы Марат Түсіпқалиевтің айтуынша, 8 жылда 20 ірі жоба жүзеге асқан.

– Олар тауарлы сүт фермасы, жөн өңдеу зауыты, көкөніс өңдеу цехы, қойма жайлары, басқа да өндірістік орталықтар сынды ірі мекемелер. Бірақ кейбір кәсіпкерлер корпорациядан берілген қаражатты қайтаруға асықпай отыр, – деді Марат Түсіпқалиев. – Мұның әр түрлі себептері бар. Біз кәсіпкерге бизнесін дамытуға қажет қолайлы жағдай жасауға тырысып келдік, алайда кейбір қарыз алушылардың жауапкершілікке ықылассыз қарауы нәтижесінде бюджет қаражатының уақытылы қайтарылмау деректері тіркеліп отыр. Бұл өз кезегінде біздің құзырлы органдарға жүгінуімізге, қарыз алушыға қатысты шара қолдануымызға мәжбүр етуде.

Нұрлан Ноғаев директорлар кеңесіне инвестициялық портфельге бақылауды күшейтіп, қаржыландырылған субъектілердің қызметіне белсенді қатысуды тапсырды.

– Біздің міндетіміз құр ақша бөліп отыру емес, қаражаттың мақсатты жұмсалуын қадағалау, – деп атап өтті әкім. – Сонымен қатар, кәсіпкерге негізгі мәселелер бойынша көмек көрсетіліп, кеңес беру керек. Бұл іске жергілікті атқарушы органдардың өкілдері – барлық деңгейдегі әкімдер, облыс әкімінің орынбасарлары, баскарма басшылары мен бөлім жетекшілері жұмылулары керек. ӘКК инвестициялайтын жобалар аймақ үшін өте қажет – жұмыс орындары құрылады, облыстың ауыл шаруашылығынан бастап құрылысқа дейінгі әр түрлі салаларының дамуына оң ықпал етеді. Қарыз қаражатының қайтарылуына бақылау да үнемі назарда болуы тиіс. Мұндай операциялар кезінде мемлекеттің міндеті – бизнестің дамуына инвестиция арқылы серпін беру, қаражат қайтарылғаннан кейін оны облысқа қажет басқа мекемеге салу керек.

Айта кетейік, қазір «Атырау» ӘКК аймақтың әлеуметтік саласында 17 инвестициялық жобаны жүзеге асыруда.

САРАПТАМА

Ұлттық банк көмектеседі

Ал бұдан басқа банктерге не пайда?

Банктер 400 млрд теңгеден аз болмайтындай қарыз алуына болады, оның жартысын БЖЗҚ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры) бермек. Тағы да ЕДБ-ларды (екінші деңгейдегі банктер) қолдауға бағытталған Ұлттық банктың жаңа стратегиясы осындай.

ИСА ҚАМБАР

Оның алғашқы клиенті «Астана Банкі» болуы әбден мүмкін: бағдарламаның талаптары осы банктың қазіргі жағдайы үшін арнайы жасалғандай.

Ұлттық банк экономиканы кредиттеуді арттыруға көмектесетін шаралар қабылдауға дайын. Бұл туралы ведомство басшысы Данияр Ақышев хабарлады.

Оның айтуынша, бағдарлама 3 тармақтан тұрады:

1. Жинақ ақша салымдарын енгізу.

2. Депозиттердің мерзіміне байланысты Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының шекті мөлшерлемелерін белгілеу.

3. Банктердің облигациялық бағдарламасын қайта жаңғырту.

Бірінші тармақтың мәні мынада: жинақ ақша салымдары бойынша депозиттер – көбірек пайызға (әдеттегі депозиттермен салыстырғандағыдан) және көтеріңкі мемлекеттік кепілдікке – ашылады.

Алайда, егер салымшы қаражатын мерзімінен бұрын алуға шешім қабылдаса, айыппұл төлеуіне тура келеді, ал ақшасын ол 30 күннен ерте ала алмайды. Бұл банкке қосымша қаржылар тартуға, сондай-ақ салымшылардың ақшаларын тез алып қоюларынан ішінара сақтандыруға көмектеседі. Нақ осындай жағдайға соңғы апталарда «Астана Банкі» душар болды.

Екінші тармақ, мерзімінен бұрын алып қоюға тікелей тыйым салусыз, депозиттердің шұғыл нарығын дамыту есебінен – банктерді ұзақ мерзімді қорландыруға мүмкіндік ашады.

ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Дегенмен, бәрінен де тартымдысы – бағдарламаның үшінші тармағы. «Банктердің облигациялық бағдарламасы БЖЗҚ инвестицияларын банктер мен корпоративтік қазақстандық эмитенттерге 200 млрд теңге сомасында салуға ұйғарды. Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес қажетті шешімдерді қабылдады», деп атап көрсетті Ұлттық қор басшысы.

Сонымен бірге кейбір жайжапсар да аталды: облигациялар 5 жылға дейін шығарылады, ал зейнетақы қорының ақшаларына солардың 50%-дан аспайтыны ғана алынады. Қалған бөлігіне сатып алушыны банктің өзі іздеуі тиіс, сөйтіп, «нарықтан ақшаны тарта алатынын көрсетіп, жария етеді».

Бағдарламаның қазіргі күйі, 2017 жылы банктік жүйеге миллиардтаған қаржы құйылғанына қарамастан, шешімін күткен мәселелер әлі де жеткілікті екенін айғақтап отыр.

Және тағы да банктерге көмекке мемлекет қол созды – бұл жолы Ұлттық банк пен зейнетақылық жинақ ақшалар жүзінде.

БЖЗҚ 200 млрд теңге бөлуге даяр екенін ескерер болсақ, жаңа облигациялық бағдарламаның көлемі кем дегенде 400 млрд теңгені құрайды. Байқасақ, реттеуші жүйенің ақшаларға қажеттілігін осындай сомаға бағалап отырған сияқты.

Салыстырып айтсақ: 2017 жылдың күзінде 4 ірі банк (АТФБанк, Цеснабанк, Еуразиялық банк және ЦентрКредит Банк) Қаржы орнықтылығын арттыру бағдарламасы бойынша 410 млрд теңге сомасында қаржы алған болатын. Сол кезде де қаржы облигациялар есебінен тартылды – банктер қаражаттарын 15 жылға 4% жылдық мөлшерлемемен алды.

АЛҒАШҚЫ КЛИЕНТ КІМ?

Жаңа бағдарламаның талаптары әлі беймәлім болса да, бірақ бірінші клиент болуы мүмкін екенін қазір-ақ аңғарғандаймыз.

18 сәуірде Нұрсұлтан Назарбаев сынағаннан кейін «Астана Банкі» (сондай-ақ Эксимбанк пен Qazaq banki де) душар болған ақиқат жағдай жария етілді.

Мемлекет басшысы «акционерлер банктерді нашар басқарған, қарыз болған және өз салымшыларына қаражаттарымен жауап бере алмауда» деп атап айтты.

«Астана Банкі» бірден-ақ, салымшыларына қобалжитын ештеңе жоқ деп хабарлағанымен, оқиғаның өрбуі мәселелер бар екенін, ал клиенттердің қаша бастауы жағдайды тіпті қиындатты.

Айналасы 2 аптада тұрақты банк техникалық дефолт деңгейіне жақын күйге жетіп жығылды. Мұны халықаралық агенттіктердің рейтинги нашарлап кетуі ғана емес, банктің өз клиенттері үшін бірқатар операцияларға шектеу қоюы, сосын тіпті екі рет ережені қатайтуы да дәлелдей алады.

Бұлардың соңғысы жеке тұлғалардың дебет карточкасымен ақшасыз төлеу бойынша шектеуге қатысты – лимит айына 100 мың теңгені құрады.

2 мамырда, кезекті шектеулерді енгізуден екі күндей бұрын, банктің сайтында мынадай жаңалық жарияланды:

«...Қазіргі уақытта ҚР Ұлттық банкі «Астана Банкі» АҚ-ның оған нарықтық жағдайдағы экстраөтімділік беруі туралы өтінішін қарастыруын жалғастыруда.

Банктің бұл өтінішіне тыйым болған жоқ, мәселе белсенді қаралу және талқылану деңгейінде.

Бұдан басқа, ықтимал инвесторлармен келіссөздер жүргізу де ілгерілеу кезеңінде. Сонымен қатар банктің кредиттік активтерін сату және қайта қаржыландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу жалғасуда».

Бір жағынан алғанда, банк Ұлттық банктің ақшасына үміт артады, басқа жағынан – инвесторларды сырттан іздестіруде. Ал бұл реттеушінің облигациялық бағдарламаға қатысушылар үшін басты талабы да болып табылады.

Сондықтан да дәл қазір ақшаға әбден мұқтаж, мұны басым ықтималдық десек те болады, борышқорлық қағаздарын шығаратын алғашқы «Астана Банкі» болады деп күтілуде. Әйтсе де, Қазақстан қор биржасында облигациялар шығару туралы жаңалықтар жарияланбаған.

БЖЗҚ – ДӘЙЕКТІ ДОНОР

Қазақстандықтардың зейнетақылық қорланымдарының банктерге борышқа берілетіні – еш жаңалық емес. БЖЗҚ мәліметтері бойынша, 1 сәуірге екінші деңгейдегі банктердің облигацияларына 1, 229,2 млрд теңге салынған. Бұл қордың барлық ақшаларының 15,4%-ын құрайды.

Аса ірі алушылар мыналар:

- Халық банкі – 276,4 млрд теңге (2018 жылдың 1 сәуіріне ағымдағы құны),
- Қазкоммерцбанк – 306,4 млрд теңге,
- Kaspi bank – 177,4 млрд теңге,
- АТФБанк – 116 млрд теңге.

Республикамыздағы бүгінгі күнге жұмыс істеп жатқан 32 банктердің 15-інің облигациялары БЖЗҚ ақшаларына сатып алынған.

Теңгеге номинацияланған орта есеппен алғандағы борышқорлық қағаздар қорға 10% жылдық, доллармен – 7% табыс әкеледі.

Мұнан басқа зейнетақы қоры қаржысының бір бөлігі қазақстандық банктерде депозиттер түрінде сақталады – олардың жалпы көлемі 323,2 млрд теңге немесе орташа табыстылығы 10,6% жылдық есебінде БЖЗҚ-ның жалпы қорының 4%-ын құрайды.

Салымдар 16 банктерде шоғырланған, сонымен бірге соңғы рет депозит 2017 жылдың маусымында ашылған.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

Банк развития Казахстана

Инвесторлар ҚДБ-мен тығыз байланыста

Инвестициялық компаниялардың талдаушылары, теңгеге деноминацияланған, Қазақстанның даму банкі (ҚДБ) таяуда шығарған еурооблигацияларын «табысты» деп бағалаған.

Мәміле мамыр айының басында жабылған: шығарылым көлемі – 100 млрд теңге, құнды қағаздардың айналым мерзімі – 5 жыл, орналастыру кезінде өтеуге табыстылығы 9,25% жылдық, купондық мөлшерлеме – 8,95 жылдық пайызбен бағалануда. Шығарылымның ерекшелігі облигацияларды орналастыруға АҚШ инвесторларының қатысуында болып отыр.

«Мәміленің табыстылығы оның (эмитенттің) қорландырудың құны төменірек жағдайында бес жылға дейін (қарыз алуды) ұзарта алуында», – деп Thomson Reuters ақпараттық агенттігінің халықаралық қаржылық шолуында жария етілген.

Астанада дамушы елдер министрлерінің конференциясы өтті

Осы сәрсенбіде Астанада «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін көлік байланыстарының әсері және сауданы оңтайландыру» тақырыбында сауда және көлік мәселелері бойынша теңізге шыға алмайтын дамушы елдер министрлерінің конференциясы өтті деп хабарлайды www.primeminister.kz сайтынан.

Іс-шараға теңізге шыға алмайтын дамушы 32 елдің Көлік және сауда министрлері қатысты. Сондай-ақ, БҰҰ-ның басқа да халықаралық, өңірлік және өңірге қарасты ұйымдары мен қаржы институттары, жеке сектор өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми орта және басқа да мүдделі тараптар жоғары ресми деңгейде шараға қатысуға шақырылды.

Министрлер конференциясының барысында транзиттік тасымалдар инфрақұрылымын дамыту, автомобиль, теміржол, порттар, ішкі су жолдары, құбырлар, әуе көлігіндегі физикалық инфрақұрылымды жетілдіру саласындағы жетістіктерді қарастыратын декларацияға қол қойылды.

Спутник

Қазақстан Қытайға эспортын арттырмақ

ҚХР Шэньси провинциясындағы Сиань қаласында 10-13 мамыр аралығында ШЫҰ мүше-елдердің трансшекаралық эпизоотикалық ауруларымен күрес және мониторинг бойынша конференция өтті, деп хабарлайды www.sputnik.ru интернет-порталынан.

Конференция аясында ҚР премьер-министрінің орынбасары – ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шүкеев және ҚХР Бас кеден басқармасының төрағасы Ни Йефэн рапстық күнжараны Қытайға экспорттау үшін фитосанитарлық талаптар бойынша хаттамаға қол қойды. Сондай-ақ Қытай тарапы аусылға қарсы вакцинациялаудан 5 облыстың (Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан) еркін аймақ мәртебесін тануды декларациялады, бұл мал шаруашылығы өнімдері мен тірі малдарды Қазақстанның барлық аймақтарынан келісілген малдәрігерлік сертификат бойынша Қытайға жеткізуге мүмкіндік береді.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАРЖЫ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕР ӨСТІ

Ұлттық валютадағы депозиттер биыл алғашқы тоқсанда 2,9%-ке өсті.

Наурыздың соңында депозиттердің жалпы сомасы 16,8 трлн теңге болды. Оның құрылымында ұлттық валютадағы депозиттер қаңтар-наурызда 2,9%-ке, 9,4 трлн теңгеге дейін өсті, ал шетел валютасындағы – 11,4%-ке, 7,4 трлн теңгеге дейін төмендеді. Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков баяндағандай, нәтижесінде депозиттерді долларландыру деңгейі биылғы наурызда 44%-ке дейін төмендеген. Бұл соңғы 4 жылдағы ең төменгі көрсеткіш болып табылады. Заңды тұлғалардың депозиттерін долларландыру 43,8%-тен 39,2%-ке, халықтікі – 52,2%-тен 49,2%-ке дейін төмендеді. «Банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі биыл наурыздың соңында 12,6 трлн теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютамен кредиттер қаңтар-наурызда 0,5%-ке, 9,4 трлн теңгеге дейін өсті, шетел валютасымен кредиттер 5,4%-ке, 3,2 трлн теңгеге дейін төмендеді. Биыл бірінші тоқсанда жаңа кредиттерді беру өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 23%-ке немесе 498,8 млрд теңгеге ұлғайды», – деді О.Смоляков.

Кредиттердің баға бойынша қолжетімділігі біртіндеп артып келеді. Заңды тұлғалардың теңгемен кредиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2017 жылғы желтоқсандағы 13,2%-тен биыл наурызда 12,8%-ке дейін төмендеді.

Сонымен қатар банк және сақтандыру ұйымдары активтерінің көлемі туралы айта келіп, О.Смоляков: «Банк саласында қазіргі уақытта 32 банк жұмыс істейді. Жиынтық активтер жыл басынан бері 1,6%-ке азайып, наурыздың соңында 23,8 трлн теңгені құрады. Сақтандыру секторында 32 сақтандыру ұйымы жұмыс істейді. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 сәуірде 946,1 млрд теңгені құрады», – деп қорытындылады.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Мемлекет басшысы алға қойған қаржы секторын қайта жаңғырту міндеттері аясында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. «Биыл Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының үшінші бағыты – қадағалау өкілеттіктерін күшейту және тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу жүзеге асырылуда. Заңнамаға тиісті түзетулерді Парламент Мәжілісі мақұлдады», – деді ол.

Қазіргі таңда Президенттің «Әрбір отбасына тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» атты бірінші әлеуметтік бастамасын іске асыру шеңберінде «7-20-25» бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бағдарламаны іске қосу үшін заңнамаға қажетті түзетулер Сенаттың қарауына ұсынылған.

ИНФЛЯЦИЯ

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІДЕН ТӨМЕН

Инфляция биылғы жылдың төрт айында 2,2% болды, бұл өткен жылғы есепті кезеңдегі көрсеткіштен төмен.

Сейсенбідегі Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков жылдық инфляцияның өткен жылдың соңындағы 7,1%-пен салыстырғанда сәуірде 6,5%-ке дейін баяулағанын атап өтті. Осылайша, инфляция деңгейі биылға белгіленген 5-7%-тік нысаналы дәлізге сәйкес келеді. Сонымен қатар инфляциялық күтулердің төмендеуі байқалды. Сауалнама нәтижелері бойынша бір жыл алға күтілетін инфляцияны сандық бағалау 2017 жылдың соңындағы 7,1% мәннен төмендеп, 6,3% деңгейінде тұр. «Инфляциялық үдерістердің төмендеуі және осы үрдістің орта мерзімді перспективада сақталуын бағалау базалық мөлшерлемені төмендетудің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Биыл жылдың басынан бастап ол үш рет, 10,25%-тен 9,25%-ке дейін төмендетілді», – деді ол.

ТЕҢГЕ

ВАЛЮТА НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Биылғы жылдың өткен төрт айында валюта нарығындағы ахуал жалпы алғанда тұрақты болды.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков Үкімет отырысында атап өткендей, төл валютаның бағамын айқындайтын іргелі факторлар оңтайлы қалыптасты. Теңге сәуірдің соңында бір АҚШ доллары үшін 327,25 теңгеге, яғни 1,5%-ке нығайып, жылдың басынан бері оның бағамы бір АҚШ доллары үшін 318,3-333,3 теңге аралығында өзгерген. «Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері алдын ала деректер бойынша наурыздың соңында 30,6 млрд АҚШ долларын құрады. Жыл басынан бері 0,3%-ке төмендеді. Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері наурыздың соңында 59,3 млрд АҚШ доллары болып бағаланды. Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан бастап 1%-ке немесе 0,8 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 89,9 млрд АҚШ доллары құрады», – деді ҰБ төрағасының орынбасары.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ИНВЕСТИЦИЯ

Қаржыландырудың барлық көздері жұмыс істегені маңызды

> [1]

Тәуекелге негізделген қадағалау, халықаралық қаржы есептілік стандарттары бойынша провизияларды қалыптастыру ұстанымдары іске асып, базелдік қатаң талаптар енгізілуде. Банктер салымшылар алдындағы жауапкершілігін арттыруда және сәйкесінше қарыз алушылар, кепілзаттар мен тәуекелдерді бағалау талаптары да қатаң. Осы шаралар жиынтығы әлеуетті қарыз алушылар санын азайтуы мүмкін.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА

Қазіргі күні Үкімет және Ұлттық банкпен бірлесіп, бизнес үшін қолжетімді мөлшерлемелер бойынша қаржыландыру базасын ұзарту тетіктерін әзірлеу мақсатындағы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Мемлекеттік қолдаунсыз бизнеске арналған несиелеу мөлшерлемелері әлі де жоғары. Осыған байланысты «Бизнестің жол каратсы – 2020» бағдарламасы бойынша айқындық енгізу өте маңызды. Өңірдегі кәсіпкерлер қаржы көздерінің тек бұрын қабылданған міндеттемелерге ғана жететінін, ал жаңа жобаларға ақша жетіспейтінін айтуда, – деді Юлия Якупбаева.

Сонымен қатар «Атамекен» бастамасымен Үкіметпен бірлесіп, бөлшек қаблеттілікті арттырудың кешенді бағдарламасы талқылану үстінде. Бұл бағдарлама аясында тұрақты сұраныска ие импорт алмастыруға бағытталған өндіру өнеркәсібінің 9 басым секторын қамту ұсынылады. Олар – тамақ және жеңіл өнеркәсіп, жиһаз, химия, фармация өнеркәсібі, машина жасау және құрылыс материалдарын шығару. «Мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қолдана отырып, бизнес өз міндетіне өндірісті жаңарту, окшауалау, цифрландыруды алатын болады. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру үшін оны қолжетімді қаржыландырумен қамтамасыз ету керек», – деді Юлия Якупбаева.

Кәсіпкерлікті қаржыландырумен қатар, тағы бір өзекті мәселе – тұрғындарға несие беру. Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасы негізінде әзірленіп жатқан «7/20/25» қолжетімді ипотека бағдарламасында секьюриттеу механизмі пайдаланылады. «Атамекен» ҮКП басқарма төрағасының орынбасары атап өткендей, ипотекалық несиелеуді сатып алудан гөрі, секьюриттеудің мүмкіндігі анағұрлым кең. «7/20/25» тұрғын үй несиелеу бағдарламасы шағын және орта бизнес, сондай-ақ бөлшек сауда банк портфельдерін секьюриттеу арқылы ұзақмерзімді қаржыландырудың тұрақты механизмін құруда қанатқақты жоба бола алады.

БАНК САЛАСЫ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы басшысы келтірген мәліметтерге сәйкес қолма-қол ақшасыз, атап айтқанда, карточкалар арқылы жасалған төлемдер саны 2,2 есе артып, 411 млрд теңгеге өскен. Карточкамен төлеу бойынша Алматы қаласы көш бастап келеді. Бұл тұрғыда өңірлердегі әлеует те жақсы екендігі байқалады. «Банктар тарапынан жаңа қызмет түрлерін ұсынуға қызығушылық өсіп келеді: бейінділік бағдарламасы кеңейтіліп, онлайн-қызмет көрсету мен смартфондарды қолдану мүмкіндігі артуда. Банктер төлем карталарын пайдалануда бонустар мен кэшбекті ұсыну арқылы клиенттерді ынталандырады. Сауда нүктелерінде QR-код немесе мобильді қосымша арқылы төлем жасау секілді нарық үшін мүлде жаңа қызмет түрі пайда болды», – деп атап өтті Юлия Якупбаева.

Бүгінде Үкімет басшысының орынбасары Аскар Жұмағалиевтің тапсырмасы бойынша Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының ұсынастары еліміздің қаржы секторын цифрландырудың 2018-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары жобасының аясында әзірленуде. «Клиенттер жайында ақпаратты қашықтықтан сәйкестендіру, биометрияны пайдалану, қауіпсіздік пен мемлекеттік деректер базасына қолжетімділік мәселелері. Осы мәселелерді шешу елімізде қолма-қол ақшасыз төлем жүйесін дамытуға, несиелеуді арттыруға серпін беріп, қызмет көрсетудің жылдамдығы мен қолжетімділігін арттырады, алаяқтық пен шығындар салдарын азайтады», – деді Юлия Якупбаева.

ҚОР НАРЫҒЫ ЭКОНОМИКА ӨСУІНЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының басшысы экономиканы қаржыландыру ісіне банктермен қатар қор нарығы да қатысуы керектігін атап өтті. Сондықтан қор нарығын дамытуды жалғастыру керек. Осылайша секьюриттеу, қаржы жүйесіндегі тәуекелдерді басқару мәселелерін шешіп, инвесторлық базаны қалыптастыруға болады.

Юлия Якупбаева трансшекаралық бәсекелестіктің артуы жағдайында талаптарды күшейтудің орнына дамытуды ынталандыру, өнеркәсіп саясатының тиімді алгоритмін әзірлеу қажеттігін айтты. Ұзақмерзімді инвестициялық несиелеуді өсіру үшін тұрақты ұзақ мерзімді қорландыру базасын қалыптастыру маңызды. Оған секьюриттеу мен валюталық тәуекелдерді сақтандыру тетіктерін енгізу жөн. Сөзін қорытындылай келіп, «Экономикаға инвестициялар тарту тетіктерін тек банктік несиелеу арқылы шектеудің қажеті жоқ. Бизнестің түрлі категорияларына арналған қор нарығы мен тікелей инвестициялар қорынан бастап шағын несиелеуге дейін қаржыландырудың барлық көздері жұмыс істегені маңызды», – деп түйіндеді спикер.

ЗАҢ ЖОБАСЫ

Салық салмағы

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға да түспек

Соңғы кездері көпшілікті біршама дүрліктірген салық мәселесі күн тәртібінде өткір болып тұр. Осы ретте: «Мемлекет тарапынан нендей шаралар қолға алынған?», ал жұмыссыз саналса да, «Өз күндерін өздері көріп жүрген жандар жағдайы не болмақ?» деген, т.б. толып жатқан сауалдар халықты мазалайды. Соларға біз де жауап іздеп көрдік.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Жаңа талаптарға сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ай сайын «бірыңғай жиынтық төлемін» төлейтін болады. Ал, бұл санатқа кімдер жатады? Мұндай шаралар неліктен қолға алынып жатыр?

Тиісті мамандардың уәжінше, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар не бюджетке, немесе зейнетақы қорына ешқандай жарна аудармағандықтан, сақтандырудан тыс қалғалы тұр-мыс. Сөйтіп, қазіргі тегін көрсетіліп жатқан көмек ақылға айналғанда олар емделе де алмайды, зейнетақы да ала алмайтын көрінеді. Себебі, ол кезінде аударым жасаған жоқ қой, дейді олар.

Бұл осындайларды «көлеңкеден» шығаруды көздейтін әзірленіп жатқан заң жобасында ескеріледі екен. Жасыратыны жоқ, бұл – міндетті медициналық сақтандыру бастамасы көтерілгеннен кейін туындап отырған мәселе.

Аталмыш заң жобасы «Формалды емес жұмыспен қамтылғандардың қызметін заңдастыру» деп аталады. Осы әзірленіп жатқан заң жобасына сай жаңа салық режимі енгізілмек. Демек, қандай қызметпен айналысқаныз да, нендей жұмыс атқарсаңыз да «бірыңғай жиынтық төлемін» (БЖТ) міндетті түрде төлеп отыруға тиіссіз. Бұған мыналар кіреді: Жеке табыс салығы; Міндетті зейнетақы жарнасы; Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемі; Әлеуметтік сақтандыру.

Ең бастысы, БЖТ-ның ай сайынғы мөлшері қала тұрғындары үшін – бір айлық есептік көрсеткіші (1 АЕК 2018 жылға 2 405 теңге), ауыл тұрғындары үшін – 0,3 АЕК (721,5 теңге) болады.

Кімнің де болмасын осы санатқа жатуы үшін жылдық шекті табыстың мөлшері 100 еселенген ең аз жалақыдан төмен болуы керек. Ол – 2 828 400 теңге деген сөз. Сонда айына 235 700 теңгеден аз табыс табатын болсаңыз, жеңілдетілген салық төлейсіз. Ал, бұл сомадан жоғары табатын кәсіпкерлер патент бойынша жеке табысынан 2 пайыз төлейді.

Тиісті төлемдер банктер мен терминалдар, мобильді қосымша арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының шотына аударылып, одан әрі қорларға бөлінеді. Мұны тіркелген мекенжайыңыз бойынша төлейсіз.

Бұл жерде «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың тізіміне жұмыссыздар кіріп кетпей ме? Жалпы оларға қандай талаптар қойылады?» деген сауалдар туындауы орынды. Ал, бұл сұрақтарға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту» департаменті директорының орынбасары Ерболат Абулхатин былай деп жауап берді:

– Жұмысшылар – жалдамалы және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып екіге бөлінеді. Жалдамалыларға жалдаған жұмыс орны БЖТ (бірыңғай жиынтық төлемін, орысша – единый совокупный платеж) төлейді. Кейбір жұмыс берушілер жалдамалы жұмыскеріне ешқандай салықты да, жарнаны да аудармауы мүмкін. Арада еңбек келісім-шартын жасаспай, жалақысын қолма-қол алатындар бар. «Осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін де осы заң жобасы талқыланып жатыр, – дейді Е. Абулхатин. – Әрқім өзінің болашағы үшін салық төлейді».

Лауазымды маманның айтуынша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар ешқандай төлем төлемей-ақ, қазір ел қатарлы ауруханаға қаралып жатыр екен. Міндетті медициналық сақтандыру енгізілгенде, олар бұл қызметтерден қағылайын деп тұр. Сол себепті олар қалталарынан өз болашақтары үшін қаржы салады. Оның мөлшері аса көп те емес, дел түйіндейді ол.

Енді «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кімдер?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңында олар: Табыс алу үшін тауарлар өндірумен (өткізумен); Жұмыстар мен қызметтер көрсетумен дара айналысатындар; Өндірістік кооператив мүшелері; Отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілер еңбекақы төлемейтін жұмыскерлері.

Тағы да нақтырақ мысал келтірер болсақ. Олар: Мал бағып, егін мен бау-бақша егетіндер; Базар мен пойыз төңірегінде сауда-саттық жасағандар; Сауда нысандарында арнайы орындары жоқ жеке тұлғалар (арба итергендер); Фрилансерлер; Үй қызметкерлері (бала бағушы); Такси қызметін атқаратындар мен ірілі-ұсақты жекеменшік кәсіпкерлер де бұл қатарға кіреді.

Өздері жасаған тағамдарды, тәттілерді, тұрлі қолөнер, тоқыма бұйымдарын ғаламтор арқылы сататындар аз емес. Олар көп жағдайда үйде отырып жұмыс істейді. Қысқасы, қызметтері ресми құжатта көрсетілмеген, салық төлемейтін, жарна аудармайтындар да – өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қатарына қосылады.

Қабылданбақшы заң жобасында санатқа қосылмақ топқа «нәтижелі және нәтижесіз жұмыспен қамтығандар» деп аталғандар да кіргізілмек.

Тағы да Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенеміз. Атап айтсақ, 2017 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы саны 2 милионнан асыпты. Нақтырақ айтсақ, 2 099 222 адам. Оның 1 881 484-і нәтижелі, 217 738-і нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар.

Бұл жерде «нәтижелі қамтылғандар» – құжаттары ресми түрде тіркелгендер. Мысалы, бес сиыры бар отбасылар, ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалар, дүңгіршекте бәліш сатып отырғандар, т.б.

Ал, «нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар» қатарына ресми тіркелмей, қызметтерін жасырғандар жатады екен. Оларға базар ішінде арбамен сауда жасайтындар, пойыз маңында дорба арқалап күн көретіндер, таксишілер, т.т. жатады. Осыны нақтылау қиынға соғатын сияқты.

Нақтырақ айтқанда, қазіргі уақытта статусы әлі расталмаған, өзін-өзі жұмыспен қамтыған 1 025 177 азамат бар. Олардың ішінде 1 002 008 адам нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға жатқызылыпты.

2018 жылдың 1 сәуіріндегі деректер бойынша, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына 111 мың адам тіркелген. Олардың 71,9 мыңы, яғни 64,6 пайызы – жұмыссыздар. Бұлардың ішінде 4,4 мың адам, яғни 4 пайызы ғана – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар екен.

Бұл көрсеткіш алты ай сайын жанарады. Экономика министрлігінің статистика комитеті тұрғындардың табысын анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізіп отырады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 63,2 % ауылда (1 327 436 адам) және 36,8 %-ы (771 786 адам) қалада тұрады. Бағдарламаға қатысқандардың да көбі – ауыл тұрғындары. Сол себепті оларға белгіленген төлем мөлшері қалаға қарағанда екі есе төмен болған.

Өкінішке қарай, осы алда қабылдануға әзірленіп жатқан жаңа заң ауыл тұрғындарын айрықша алаңдатады. Өйткені, олардың басына: «Айдағаның 5 ешкі, ысқырығың жер жарады!» дегеннің кері келуі әбден мүмкін. Бұл туралы келесі шолуымызда нақтырақ тоқталамыз.

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Бестөбе су қоймасының келешегі қандай болмақ?

Жерден шыққан су жан-жаққа таралуда

Мемлекет басшысының 2010 жылғы Жолдауында маңыз берілген Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын ірі нысан – Алматы облысындағы Бестөбе су қоймасы және Мойнақ су электр станциясы болды.

Бестөбе су қоймасының құрылысы 1985 жылы басталып, 2011 жылдың аяғында пайдалануға берілген болатын. Нысанның осынша ұзақ уақыт салынуы қаржының жетіспеуіне, Кеңес одағының ыдырауына, басқа да себептерге байланысты болғаны аян.

Аталған су қоймасы Алматыдан 250 км қашықтықта, 1 770 биіктікте таулы жерде орналасқан. БСҚ Мойнақ СЭС-ін сумен қамтамасыз ететін аса маңызды нысан болып саналады. Мойнақ СЭС-і қазір 300 мегаваттан астам қуат көзін өндіріп келеді. Негізінен, Мойнақ СЭС-нің қуаты 1 027 млн кВт/сағатқа дейін өнім өндіру мүмкіндігі бар. Бұл елімізде деривациялық (тоннельдік) үлгіде салынып отырған тұңғыш электр станциясы.

Су қоймасының жалпы көлемі – 238 млн текше метрді, пайдалы аумағы 198 млн текше метрді құрайды. Жалпы ұзындығы – 150, ал ені 1 шақырым. Су қоймасы құрылысын қазақстандық «Kerneu Limited» компаниясы жүзеге асырды.

Бүгінде Шарын өзенінде БСҚ-ның гидротехникалық нысанының құрылысы жұртшылықтың мазасын қашырған көкейкесті мәселеге айналып отыр. Жергілікті тұрғындар БСҚ-ның келешегі үшін ғана толғанып қоймайды. Олар туған өңірде кез келген сәтте орын алуы мүмкін апат қаупіне алаңдаулы. Осы өңірдің тумасы болғандықтан, бұл жайтқа мен де бей-жай қарай алмаймын.

Құжаттық мәліметтерге жүгінсек, құрылысты жүргізуші мердігер компания – Қытайдың су шаруашылығы мен энергетика жөніндегі халықаралық корпорациясы негізгі құрал-жабдық пен құрылыс құрылғыларының сапасы мен беріктігіне 20 жылдық кепілдік берген. Алайда, жеті жыл өтпей БСҚ жұмысында көптеген кемшіліктер орын алып отыр. Құрылыстың өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзарып бара жатқандығы өз алдына, су қоймасының орталық бөлігінің тұсы, сол жақ жағалауынан Кеңсу ауылына қарай тесіп шыққан су маңайдағы зиратты су шайып кетіп, ол көшірілді. Одан соң үш ай бойы нақты су арнасы бекітіліп, оны салуға қомақты қаржы жұмсалса да, қазірде су басқа арнамен ағып жатыр. Ол ол ма, осы судың ағысы бағытымен Кеңсудың төменгі шатқалына қарай әр жерден тесіліп шыққан су үлкен батпақты сазға айналған. Ал бұл жайылымды жер болғандықтан малдар сазға батып жатыр. Оған қоса, ми батпақтың деңгейі күн өткен сайын көтеріліп келеді. Су қоймасын қызықтап көргісі келген туристердің джип машиналары да сазға батып, жай көлікпен сүйреп шығару мүмкін болмағандықтан, Алматыдан жүк көтергіш кранын шақыруға мәжбүр болуда. Тағы бір толғандыратын жайт, БСҚ алдында 20 млн текше тас пен құмнан су тоқтатайтын алып бөгет тұрғызылған. Бөгеттің су ағысы бағыты бойынша сол жағынан әр жерден, сай-саладан су шығып, бұл жардың пайда болуына, одан соң жердің көшуіне әкелді. Екі-үш жылдың көлемінде осы маңда төрт-бес адам бұрғылау жұмыстарын жүргізген-ді. Дегенмен, ешбір өзгеріс жоқ.

Осылайша, су қоймасының суы әр жерді тесіп шығып, жан-жаққа таралуда. Ал бұл жағдайдың Көлсайдағы оқиғаны қайталамасына кім кепілдік береді?! Алла өзі сақтасын, егер апат бола қалса, жиналған судың ағысына ешкім тосқауыл қоя алмайды. Бұл жерде жер сілкінісі жиі болып тұрады. 1978 жылы 7-8 балдық жер сілкінісі болғанын ескерсек, қалыптасып отырған жағдай өте қауіпті.

2014 жылы Астанада Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің отырысында «Самұрық-Энерго» АҚ мен Қытайдың халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы арасында Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қоймасына бұруды қарастыратын әріптестік туралы меморандумға қол қойылған. Бұл қандай жоба? Дәл қазір Кеңсу өзеніндей су қоймадан кетіп жатыр. Жоқтан бар жасаймыз деп, барымыздан айырылып бара жатсақ, бұл жобаның дұрыстығына қаншалықты сенім артуға болады? Ендеше Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қоймасына бұрудың ешбір қажеті жоқ!

Жалпы алғанда, Шарын макрогеожүйесінің табиғи ресурстарын қарқынды пайдалану, олардың сапасының нашарлауымен және кейбір жағдайларда сарқылуымен немесе жойылып кетуімен бірге жүріп жатқан жайы бар сияқты. Кішігірім Кеңсу сияқты өзендердің тозуы мен қалпына келтіру мәселесі гидрогеологиялық жағдайға байланысты болатыны анық. Ендеше Шарын өзенінің бассейнінде гидрогеологиялық және су ресурстарын басқару әдісі түрлі экологиялық үрдістердің жиынтығымен астасуда.



Қиыны – су жинау аймағында жер үсті және жер асты суларын қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың экономикалық маңыздылығын, ұйымдастырылмаған ағынды суды жою немесе ластау және су объектілеріне ластаушы заттардың таралу жағдайларын жеткілікті дәрежеде түсінбеу. Сондықтан осындай түсінбеушілікке жол бермеу үшін су объектілерін және су ресурстарын басқаруды жетілдіру бойынша барлық экономикалық шараларға бассейндік және геосистемалық көзқарасты зерттеп, дамыту қажет.

Экологиялық факторларды ескере отырып, ақылы суды пайдалану және су технологияларын енгізу, суды бұру, табиғи және сарқынды суларды тазарту механизмдері су объектілерін зерттеуді, пайдалануды және қорғауды реттеудің теориялық негізін құрайды. Осылайша, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, қорғаудың, және молайтудың экономикалық механизмдерін енгізу маңызды фактор болып табылады.

Ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қазіргі кезде Шарын макрогеожүйесінің ландшафтық мониторингі экологиялық жағдайды басқару бойынша шешімдер қабылдаудың маңызды ақпараттық және аналитикалық құралы болып табылады, оның басты мақсаты – экологиялық тәуекелді азайту.

Шарын макрогеожүйесінің су объектілерін бақылау жүйелерінің рөлі, әсіресе, нарықтық экономикадағы суды басқару мен мелиорациялық шараларға байланысты арта түседі.

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере келіп, мынадай қорытынды жасауға болады: Шарын өзенінің бассейніндегі Бестөбе су қоймасы мен Мойнақ СЭС-нің гидротехникалық құрылыстарында болып жатқан қазіргі жағдай халыққа қауіп төндіреді. Сондықтан үлкен селдің болмауын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін бөгетті біртіндеп жіберіп, жуық арада құрылыс жұмыстарын қайта бастау қажет. Өйткені, апат алдындағы жағдайда кешігу деген атымен болмауы тиіс.

Сөзімнің дәлелі ретінде тағы бір жағдайды еске салғым келеді. Бөгетке таяу маңда Кеңсу шатқалы жағынан арнайы тас пен құм алу үшін карьер жасалған. Менің ойымша, Кеңсу шатқалын басып жатқан су осы карьердің астынан өтіп жатыр. Қысқасы, біз бұл жерден 20 млн текше тас пен құмды алып, бөгеттің жолын аштық. Енді оны қалпына келтіре алмаймыз. Сондықтан бұл мәселеге үкіметтік деңгейде шұғыл әрекет етіп, жауапты азаматтардың Бестөбе су қоймасы мен Мойнақ СЭС-нің жағдайымен, Шарын макрогеожүйесінің табиғи және ресурстық әлеуетін пайдаланатын субъектілердің қызметімен танысып, қажетті шешімді қабылдауын өтінемін.

Бақытқан ДӘУЛЕТБАҚОВ,
Алматы облысы
Райымбек ауданының
құрметті азаматы,
экономика ғылымдарының
докторы, профессор

ТАСЫМАЛ

Кеден мәселелері талқыланды

> [1]

Бұл арқылы сыбайлас жемқорлық қаупін төмендетуге болады. Себебі, рәсімдеу жүргізу барысында кедендік тіркеу қызметкері мен сыртқы экономикалық қызмет қатысушылары арасында тікелей қарым-қатынас болмайды. «Астана-1» жаңа жүйесі декларацияны өңдеу мен шығаруға кететін уақытты қысқартады», – деді Жарқынбек Дәдікбай. Жүйе кезең-кезеңмен іске қосылды. Бірінші кезеңде «Кедендік транзит» қосалқы жүйесі қолға алынды. Аталмыш қосалқы жүйе шекарадан өткізу мәселесі бойынша кедендік рәсімдерді жүргізуді қамтамасыз етеді. Қазіргі күні тапсырылған транзиттік декларациялар саны 223 мыңға жетті. 1 қаңтардан бастап «Экспорт» кедендік рәсімі енгізіліп, декларациялардың 97%-ы автоматтандырылды. Биылғы жылдың 1 сәуірінен импорт және өзге кедендік рәсімдер бойынша «Кедендік декларациялау» қосалқы жүйесі толық қолданысқа берілді. Бүгінгі уақытта 32,5 мың тауарға декларациялар өңделді. Жиын қатысушылары Ресейде жаңа жоба іске қосылып, 1 шілдеден бастап автомобиль көліктеріне электрондық пломбалар қойылатынын айтты.

«Бірінші кезекте осы бастама арқылы көлікті бірнеше рет тексеруден арыламыз деп күтілген. Нәтижесінде олай болмайын деп тұр. Рәсім тек біржақты өткізілетін болса, бұл үдеріс біздің бизнеске кедергі келтіреді. Кеден органдары аталмыш мәселені талқыға салды ма?», – деп қызығушылық білдірді Юрий Лавриненко. Мемлекеттік кірістер комитеті электронды пломбалардың жүк көліктеріне ілінетінін, осылайша Ресейден тасымалданатын жүк ҚР кеден органдарына дейінгі аралықта тексерілмей өтетіні жайында хабарлады.

«Қазақстаннан Ресейге жол тартқан көлікке пломбаларды ілу ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің міндеті болады. Қазіргі таңда Қорғас-Алматы бағыты бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Осылайша көлік қозғалысын физикалық сүйемелдеусіз-ақ бақылауға мүмкіндік болады», – деді Жарқынбек Дәдікбай.

«Астана-1» жүйесінің Кедендік одақ заңнамасына сәйкес келмеуі өзекті мәселе болып отыр. «Атамекен» ҰКП Кедендік әкімшілік департаменті директорының орынбасары Ирина Аңсарова құжаттаудың көптеген бағандары нұсқаулыққа сәйкес толтырылмайтынын айтты. «Атамекеннің» бастамасымен Мемлекеттік кірістер комитеті нұсқаулық әзірлеп, бағдарламаның барлық қайшылықты тұстары айқындалды. Қазіргі уақытта нұсқаулық ҚР Әділет министрлігінің тіркеуіне жіберілді. Бизнес пен мемлекеттік орган өкілдері ашық түрде ақпарат алуы үшін нұсқаулық барлық өңірлерге таратылып, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайтында жарияланатын болады.

«Атамекен» аталмыш мәселені Мемлекеттік кірістер комитетімен белсенді түрде қолға алуға дайын. Бизнес өкілдерін сыртта қалмай, белсенді атсалысып, өз ұсыныстарын ҰКП жіберуді сұраймыз», – деді Елдос Рамазанов.

Отырыс нәтижесінде қатысушылар «Астана-1» жүйесінің жұмысына байланысты бірқатар ұсыныстар айтып, ол ұсыныстарды «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесе қарап, жүзеге асыратын болады. Сонымен қатар, талқылау барысында «Атамекеннің» 2018 жылға міндеттерін жүзеге асыруға байланысты келісімшартқа отыру аясында салалық қауымдастықтардың жұмыс жоспары бекітілді.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ИНВЕСТИЦИЯ

АПТАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ

Инвестициялар және даму вице-министрі Арыстан Қабыкенов бастаған Қазақстан делегациясы инвестиция апталығы аясында түрік кәсіпкерлерімен 30-дан астам кездесу өткізді.

Солардың қатарында Ronesans Holding басқарма төрағасы Эрман Ылыджак Қазақстанда мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бойынша ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытты. Қазақстан тарапынан бірқатар МЖӘ жобалары ұсынылды.

YDA Holding басқарма төрағасы Хусейн Арсланмен кездесу барысында вице-министр компания «Ақтау халықаралық әуежайын» сенімді басқаруға алу арқылы, Қазақстанда МЖӘ тетігі бойынша алғашқы инвесторлардың бірі болғанын атап өтті. Биыл Ақтау қаласындағы әуежайдың жаңа жолаушылар терминалы құрылысы мен оны пайдалануға беру жөнінде концессия шарты жасалды. YDA компаниясы Астана қаласында мектеппен біріктірілген балабақша құрылысының жобасына қызығушылық танытып отыр.

Сондай-ақ Calik Holding «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-мен бірлесіп, Қарағанды облысындағы Оңтүстік Мойынты аумағында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге ниет білдірді. Ал, оның еншілес ұйымы Calik Energy қуаттылығы 50 МВт болатын күн электр станциясы жобасын жүзеге асыруға ниетті. Dal Holding басшылығымен кездесуде Ақтөбе облысында жылыжай кешенін салу, сондай-ақ Жамбыл облысында жылына 75 000 тонна барит концентратын өндіретін кен байыту комбинаты құрылысы жобасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Айта кетейік, инвесторлармен кездесулер «Kazakh Invest» ҰК және Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

ГЕОЛОГИЯ

КЕН БАЙЫТУ ФАБРИКАСЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

«Қазгеология» мен «Қазақмыс» бірлескен кәсіпорын құрды.

Мақсат – мамыр айында Қарағанды облысының Дүйсембай учаскесінде полиметалл кендерін барлау жұмыстарын жүргізу. Жобаны іске асыру үшін «Дюсембай PROJECT» ЖШС бірлескен кәсіпорнын құру мәселесі бойынша құрылтайшылардың жалпы жиналысы өтті. Учаске алаңы 321,4 ш. км. құрайды. Салынатын инвестицияның жалпы көлемі – 1,5 млрд теңге. Геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру «Қазақмыс» компаниясының есебінен жүргізіледі.

Жезқазған алаңында «Қазақмыс» компаниясының Қ.Сәтбаев атындағы №3 кен байыту фабрикасы орналасқан. Қазір ол тоқтап тұр. Кеңес дәуірінде онда Дүйсембай кенішіндегі қорғасын мен мырыш кендерінің байытылуына технологиялық зерттеулер жүргізілген. Нәтижесінде бұл кендерді қайта өңдеуге болатыны анықталды. Қ.Сәтбаев атындағы №3 кен байыту фабрикасын жаңғырту өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА

ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасының бірінші бағыты бойынша жеке инвесторлар тұрғын үй құрылысын салуға қызығушылық танытуда.



Шымкент қаласында жаңа «Тұлпар» тұрғын үй кешенінің пайдалануға берілуіне арналған салтанатты шара барысында облыс әкімі Ж.Түймебаев: «Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуінің барлық бағыттары бойынша облыста тиісті жұмыстар атқарылуда. Үндеудің бірінші бағыты – «7-20-25» бағдарламасын өңірде сәтті жүзеге асыру үшін биылғы жылы жеке құрылыс салушылар арқылы 104 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 16 тұрғын үй жылдың соңына дейін пайдалануға беріліп, барлық пәтерлерді «7-20-25» бағдарламасы арқылы тарату көзделуде», – деп атап өтті.

Облыста сәуір айында жалпы құны 7,9 млрд теңгені құрайтын 14 көпқабатты тұрғын үй (768 пәтер, 53,2 мың ш.м.) құрылысына екінші деңгейлі банктен несие алған жеке құрылыс салушыға Өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен 7%-тік субсидия беру қолдау тапты. Бұл тұрғын үй құрылысын биыл аяқтап, тапсыру көзделген.

«Тұлпар» тұрғын үй кешенінде пайдалануға берілген тұрғын үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ және «Ақмойнақ» ЖШС-і қаражаттары есебінен бірлесіп салынды. 3 қабатты екі, 5 қабатты төрт үй бой көтерген«Тұлпар» тұрғын үй кешенінде жалпы саны 264 адам баспаналы болды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кафедра меңгерушісі

e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Таныс болыңыз: зияткерлік көлік жүйесі

«Кедей болсаң – көшіп көр» – дейді халық нақылы. Ал, көшу үшін көлік қажет. Статистика қазақтың көші көлікті болып келе жатқанын көрсетуде, деректерге сәйкес елімізде 2017 жылы 5,3 млн. көлік құралы тіркелген, бұл 100 адамға шаққанда 29 бірліктен келеді, дегенді білдіреді. Яғни, халықтың үштен біріне жуығынның жеке көлік құралы бар, деп айта аламыз. Әлемде бұл көрсеткіш орташа есеппен 14-тен келеді, АҚШ-та – 79,7; Еуропа одағында – 48,0; Тәуелсіз мемлекеттер достастығында – 16,2. Халықтың автомобиль алу үдерісі жеделдеп, автокөлік қызметінің рөлі артып келеді. Жыл сайын ішкі жалпы өнім құрылымында көлік секторының үлесі 8 пайызды, сонымен бірге саланың өсуі кем дегенде 4 пайызды құрап отыр.

Тіркелген автокөлік құралдарының көптігі қалалардағы қоғамдық көліктің тиімді жұмысына және тұтастай алғанда көлік ағынын басқаруға қиындық тудыруда. Автокөлік жолдарын талапқа сай күтіп ұстау және сақтау мәселесі басым міндеттердің бірі саналады. Осыған байланысты халықаралық тәжірибе негізінде зияткерлік көлік жүйесінің 8 базалық бөлігі айқындалған, республикалық деңгей 4 негізгі жүйеден тұрады. Бірінші жүйе – ақылы жолдарда төлем алу және жинау, жолаушыларды жол жағдайы туралы ақпараттандыру желісі. Бұл жалпы ұзақтығы 469 шақырым болатын Астана-Теміртау, Алматы-Қапшағай және Алматы-Қорғас учаскелерінде төлем жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жалпы ұзақтығы 5 мың 500 шақырым болатын 13 учаскеде ақы алу жүйесін жобалау жұмыстары аяқталуда. Жалпы, 2020 жылға дейін 16 автожол учаскесіне ақы алу жүйесін енгізу жоспарланып отыр. Мұнымен бірге мобильді қосымшаны әзірлеу, жол жүру кезінде байланыссыз төлем алу үшін RFID белгілерді және бейне камераларды, метеорологиялық өлшеу құралдарын, жүргізушілер үшін ақпараттық тақталарды орнату жұмыстары жүргізілуде. Келесі жүйе – жүріп келе жатқан көлік құралдарын өлшеуді және жол жүру рұқсатын электронды тіркеуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған арнайы өлшеу құралдары. 2017 жылы ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға 44 мың 413 арнайы рұқсат берілді. Сонымен қатар осындай жүктерді тасымалдауда 7 мың 364 құқық бұзушылық фактілері анықталды. Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын қолданған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бір жыл ішінде құқық бұзушылық фактілері 50 пайыздан 85 пайызға дейін төмендеген. Бұл автомобиль жолдарын күтіп ұстауға оң әсерін тигізеді.

Бұыл осындай 12 жүйе іске қосылмақ және 2020 жылға дейін оның санын 46-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Жалпы, бұл жүйені қолдану жолдардағы кедергілерді жояды және көлікті бақылау органдары мен жүргізуші арасында байланыс болмайды. Келесі жоба – жол активтерін басқару жүйесі. Бұл жүйе жолдардың жағдайы туралы ежей-тегжейлі мәліметтер негізінде жолдарды жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарын атқаруға бөлінген шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. 2017 жылдың 1 қазанынан бастап жүйенің модульдерін кезең-кезеңімен іске қосып, ақпараттық жүйелермен кіріктіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ осы жүйенің мүмкіндіктерін іске асыратын «Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығын» құру туралы заңға тиісті өзгерістер енгізу қолға алынған. Жүйені енгізу нәтижесінде 2025 жылға қарай жол жөндеу мен күтіп ұстау шығындарын оңтайландыру есебінен 110 млрд. теңге көлемінде экономикалық тиімділік болады, деген болжам бар.

Жыл сайын шамамен 60 мың ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүк тасымалдары жүзеге асырылады. Халықаралық және өңіраралық байланыстағы жолаушылар тасымалының саны 44,3 млн адамды құрайды. Осындай тасымалдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде диспетчерлік қызметті және маршруттың сақталуына онлайн мониторинг жасау жүйелерін енгізудің маңызы зор. Бұл жүйе жеке қаржылық бастама негізінде әзірленуде. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы үшін бастамашы тарап бизнес-жоспар мен басқа да қажетті құжаттарды, сондай-ақ жүйе архитектурасын дайындап жатыр. Жоғарыда айтылған зияткерлік көлік жүйесінің бөліктері республикалық деңгейге жатады. Бұл жүйені қалалық зияткерлік көлік жүйелеріне кіріктіру мақсатында мүдделі мекемелер «Зерде» ақпараттық-коммуникациялық холдингімен бірлесіп, бірқатар жұмыс атқарды. Осының нәтижесінде өңірлік деңгейде 4 жүйе-компонент анықталды. Оның екеуі барлық облыс орталықтарында енгізіледі. Мұның алғашқысы – фото мен видео арқылы анықтау жүйесі рұқсат беру белгілерін, жылдамдық режимін, тоқтау ережелерінің сақталуын және жалпы қаладағы қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Екіншісі – жолаушылар көлігіне мониторинг жасау және электронды билеттермен қамтамасыз ету жүйесі. Бұл жүйе көлік құралдарының қозғалысын, маршруттың белгіленген жолынан ауытқуын қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Ал үшінші, камералар мен қозғалыс датчиктері негізінде бағдаршамдағы басқару арқылы қиылыстардан өту қабілеттілігін арттыруға арналған жол қозғалыстарын басқару жүйесі көлік жағдайларын 15-30 минут бұрын болжау арқылы тиімді басқаруды ерте іске асыра алады. Соңғы, тұрақтарды басқару жүйесінің басты функциясы жалпы қалалық және көліктік жағдайды қалыпқа келтіру үшін үлкен қалалардың тұрақ орындарын пайдалануды оңтайландыру болып табылады.

ТАЛДАУ

Сақтық қор активтері 30 млрд доллардан асты

Өткен жылдың 1-тоқсанындағы 1,4 млрд АҚШ доллары тапшылығымен салыстырғанда 2018 жылдың 1-тоқсанында ағымдағы операциялардың шоты алдын-ала бағалаулар бойынша аздаған тапшылықпен 95 млн долларды құраған. Энергия тасымалдаушыларға бағалардың қалпына келуі аясындағы сауда теңгерімі профицитінің артуы ағымдағы операциялар шотының тапшылығын қысқарту негіз болған түйінді факторға айналды. *(1-таблица)*

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Сауда теңгерімінің оң салдосы, алдын-ала мәліметтерге сәйкес, 2017 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда 41,7%-ға артып, 6,1 млрд АҚШ долл. құраған. Тауарлар экспорты 25,9%-ға артқан, сейтіп 13,8 млрд АҚШ долларын құрапты. Мұнай мен газ конденсатының құны (жалпы экспорттың 60,3%-ы) баға және сандық көлемінің ұлғаюы есебінен 35,5%-ға артқан. Түсті металдар экспорты 8,5%-ға өссе, қара металдар экспорты азғантай – 2,2%-ға төмендеген. Дәнді дақылдарды экспорттау екі есеге жуық артқан. *(2-таблица)*



Тауарлардың импорты 15,7%-ға өсіп, 7,8 млрд АҚШ долл. құраған. Импорттың өсімі негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша жүзеге асқан. Неғұрлым артуы (24,8%) инвестициялық тауарларды енгізу бойынша (жалпы импорттың 35,4%-ы) байқалады. Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларының шетелдерден әкелінуі 9,2%-ға өскен. Тұтыну тауарларының импорты 13,3%-ға өскен, оның ішінде азық-түлік тауарларын енгізу – 16,1%, азық-түлік емес тауарлар 11,5%-ға артқан.



Шетелдік тікелей инвесторлардың табысы 6,7%-ға, яғни 4,6 млрд АҚШ долл. дейін артқан. Тікелей инвестициялар әкелген резидент еместері табыстарының жартысынан астамы қазақстандық еншілес кәсіпорындарды қаржыландыруға бағытталған.

Қаржы шоты бойынша (Ұлттық банктің сақтық қоры активтерімен операцияларды есепке алмағанда) алдын-ала мәліметтер бойынша активтерінің қысқаруы аясындағы резиденттердің міндеттемелері төмендеуін қамтамасыз еткен 0,6 млрд АҚШ долл. аумағындағы капиталдың таза жылыстауы орын алған.

Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) бойынша капиталдың таза жылыстауы 2,6 млрд АҚШ долл. құраған. Капитал түсімін шетелдік ұлестес компаниялар қазақстандық кәсіпорындар алдындағы өздерінің борыштық міндеттемелерін өтеуімен және резидент еместер табыстарын қайта инвестициялаумен қамтамасыз еткен. Капиталдың жылыстауын, резидент еместердің дивидендтерінің (төлем теңгерімінің сыныптамасы бойынша капиталды алып қою болып танылатын, супердивидендтер деп аталатындар) айтарлықтай төлемақысымен байланысты, капитал түсімін ішінара толықтырды.

Қоржындық инвестиция бойынша капиталдың таза жылыстауы, негізінен, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру (КМГ БӨ) АҚ-ның нарықта өз акцияларын және ғаламдық депозиттік қолхаттар сатып алуы есебінен «Қазмұнайғаз» АҚ-нын ҚМГ БӨ үстінен бақылауын арттыру мақсатында, сондай-ақ «БЖЗҚ» АҚ валюталық қоржынының артуы мен оның 220 млн АҚШ долл. көлеміндегі активтерін сыртқы басқаруға беруі есебінен де, 1,8 млрд АҚШ долл. құрады.

Сақтық қордың активтері (ҚР Ұлттық қоры активтерін есепке алмағанда) 2018 жылдың 1 сәуіріне 30,6 млрд АҚШ долл. бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтердің 8,4 айлар бойына қаржыландыруын қамтамасыз етеді.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

5 – 11 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

11 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптаның ішінде 0,7%-ға (328,85-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 326,4 теңге деңгейінде қалыптасты.

11 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптаның ішінде 0,7%-ға (328,85-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 326,4 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 5 мамырдан 11 мамыр аралығындағы маңызды оқиғалар Англия банкінің қолайлы ақшакредит саясатын сақтап тұруы, Англия банкінің төрағасы Марк Карнидің инфляцияға және монетарлық саясатқа қатысты түсініктемелері, АҚШ-тағы инфляцияның өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау, Иран мен Израиль арасындағы әскери қақтығысқа және АҚШ президенті Д.Трамптың Иранмен ядролық бағдарлама бойынша келісімнен шығуы туралы мәлімдемесіне байланысты геосаяси тәуекелдің ушығуы болды. Осы факторлар АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі деңгейінің ұлғаюмен қатар, әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының біршама құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының** АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

• Түрік лирасы 2,1%-ға (4,23-тен 4,32-те дейін) әлсіреді. Валюта апта басынан бастап әлсіреуін бастады, алайда Түркияның президенті Р.Т.Эрдоғанның ұлттық валютаның ағымдағы құны іргелі факторларды ашып көрсетпейтіні, сондай-ақ Түркияның Орталық банкі басшылығының жоспардан тыс кездесулерінен кейін бағаны тұрақтандыру үшін ықтимал интервенциялар туралы болған алыпсатарлықтар әлсіреуді тоқтата тұрды.

• Бразилия реалы Бразилияның орталық банкінің төрағасы Илан Голдфайннің 6,5%-дық нысаналы инфляцияға жетуге қатысты түсініктемесінен кейін реттеушінің базалық мөлшерлемені төмендетуі арқылы монетарлық саясаттың ықтимал жұмсаруы туралы алыпсатарлық аясында 2,0%-ға (3,53-ке 3,60-қа дейін) әлсіреді;

• Мексика песосы 0,8%-ға (19,27-ден 19,42-ге дейін) әлсіреді;

• Үндістан рупиясы 0,7%-ға (66,87-ден 67,33-ке дейін) әлсіреді;

• Индонезия рупиясы бір апта бойы бір АҚШ доллары үшін 113 945-13 960 деңгейдегі шектерде айтарлықтай өзгеріссіз саудаланды;

• Ресей рублі әлемдік нарықтарда мұнай құнының өсуі есебінен 0,8%-ға (62,46- дан 61,93-ке дейін) нығайды.

• Оңтүстік Африка рэнді өткен аптаның шығындарын қалпына келтіріп, 1,9%-ға (12,50-ден 12,26-ға дейін) нығайды.

** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды*

